

Жастар — болашақтың кепілі

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ
28 ҚАЗАННАН БАСТАП
ШЫҒА БАСТАДЫ

Сана
Мидде
Санауын



№5 (42)

29 мамыр, 2013 ж.

ЖАСТАР ГАЗЕТІ

3-бет

ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТҚАН ҚАЗАК БАТЫРЛАРЫ

Екінші дүниежүзілік соғысында Кеңестер Ода-
ғы Жеңіс туын желбіретті. Ұлы Отан соғысы-
ның Жеңісіне Қазақстан қандай үлес қосты?

Үрей мен үміт

ҰБТ төңірегінде әңгімелер өте көп. Мәселені
қоюлата түсетін қоғамдық пікір де өз ісін тын-
дырып жатқандай. ҰБТ тапсыру шын мәнінде
соншалықты қорқынышты ма?

5-бет

4-бет

**С.ТОРАЙҒЫРОВ
АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
БІЛІМ КӨКЖИЕГІ**

САРБАЗДЫ ДА ҚАМҚОРЛАУ ПАРЫЗ

6-бет

Бүгінгі қазақ қоғамның кеселді індетіне айналып отырған әскери әлімжеттікті
ауыздықтауға шамамыз жоқ, әзірге. Бейбіт заманда аналарды көз жасына ма-
лытып, әкелерді қорғансыз, ел мен билікті қауқарсыз еткен бұл нендей күш?

ДҮРБІ

Ермістің
Павлодар өңірінің
энциклопедиясының
тұсауы кесілді

Мамыр айының мереке күндері Павлодар қаласының Достық үйінде С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Е. Бекмаханов атындағы өлкенің тарихы және этнографиясы ғылыми-практикалық орталығының Қазақ энциклопедиясымен бірлесіп жасаған Ертістің Павлодар өңірінің энциклопедиясының тұсауы кесілді.

Қазақ тілінде тұңғыш шыққан Ертістің Павлодар өңірінің энциклопедиясының құндылығы мен мазмұнына облыс әкімі Ерлан Мұхтарұлы Арын жоғары баға берді. «Павлодар облысының 75 жылдығына орай жарыққа Ертістің Павлодар өңірінің энциклопедиясы шықты. Бұл еңбекке 4000 ғылыми әрі танымдық мақалалар енгізілген. Энциклопедияның алдағы шыққан өңірлік энциклопедиялардан ерекшелігі өз аймағымызбен ғана шектелмей, Қазақ халқына, еліне ортақ тарихи деректер сипатталған», – деді облыс әкімі Ерлан Арын өңіріміздің зиялылары жиылған қауым алдында.

Аталмыш энциклопедияда біздің өңірдің көпшілікке белгілі де, бізге беймәлім тарихы, өсу, даму кезеңдері, жүйеленген, жан-жақты қамтылған. Энциклопедияны оқыған адам бұрынғы өткен ғасырларда өлкемізде өмір сүрген дарынды да ержүрек тұлғаларымыздың жасаған еңбектері ғасырлардан ғасырларға жалғасып келе жатқанын және оның келер ұрпақтың бай рухани қазынасы екенін түсінеді.

АРХЕОЛОГТАР АЛТЫННЫҢ
ҮЛКЕН ҚОРЫН ТАПТЫ

Еліміздің археологтары олжаға тап болды. Сайрам ауылындағы қазба жұмыстары кезінде алтын мен күміс бұйымдар табылды. Мамандар бұл шамамен ортаға ғасырдың ескерткіштері деп отыр. Қазақ тарихы үшін маңызы бар жағымды жаңалықты зерттеушілер тілшілермен бөлісті.

Сайрамның Қазақ хандығына кірген кезеңіндегі куәгер ескерткіштерден қалған осы аймақ. Көктен тілегенін жерден тапқан біздің археологтар мұндағы әрбір топырақты асқан ұқыптылықпен елеп, зерттеп жүр. Нәтиже көңіл қуантар. Ежелгі монша орны анықталып, 2600-ден аса күміс теңгелер жиналды. Ең бастысы, алтынның үлкен қорын тапты тарихшыларымыз. Б. Байтанаев, Ә.Марғұлан атындағы археология институтының директоры: «Бұл қазына археологиялық тұрғыда табылған тұңғыш алтын қазына болып отыр. Қазынада неше түрлі білезік, моншақ, сырғалар, алтын бұйымдар бар. Мұның уақытын біз шамамен 10-16 ғасырда жасалған деп айта аламыз», – деді.

ЕУРОПАЛЫҚТАР ҚАЗАҚ ТІЛІН
ОҚИТУ ӘДІСТЕМЕСІН ЖАСАП
ШЫҒАРДЫ

Бұл таңғаларлық жаңалық, алайда, шын мәлімет. Ширек ғасыр бұрын бұл әдістемені ағылшын тілін оқыту үшін жасап шығарған тәсіл екен. Енді міне, бұл әдістеме қазақ тілін оқытуға да жаралп қалған секілді. European School Of Correspondence Courses (Netherlands) әдістемесі әлемнің жеті елінде сәтті жұмыс жасап жатқан көрінеді. Әлемнің 1 миллион өзге тілдерге қызыққан адамдары осы бағдарламаның көдесіне жаратуда. Қазақстанда бұл әдістемені Еуропалық Корреспонденттік мектебі (ЕШКО) осы бағдарламаның бағын сынауда. Мамандардың айтуынша еуропалықтар ұсынған қазақ тілін оқытудың жаңа әдістемесі екі-үш айлық білімнен кейін оқушы қазақ тілінің жілігін шағып, майын тамызатын көрінеді.

ЕЛ РУХЫН КӨТЕРГЕН ЕР

Бүгінгі Күн –
Ең Жарық Күн –
Алып Күн!
Күллі Әлемге
Ерлігімді таныттым:
Қасым батыр –
Батырлардың Батыры –
Қаһарманы Халықтың!..

Қасым соғыстың запыран дәмін татқан, зарығып туған ұрпақтың бірі. Ауыздықпен су ішіп, толарсақтан саз кешіп, өмір мен өлім атты майданның төрінде өрттей лаулап, қасықтай қанын, шыбындай жанын аямай, арпалысқан айбарлы жауынгерлердің бірі еді.

... Өр Алтайдан түлеп ұшқан алып қыран бүкіл қазақ аспанына адамдық, азаматтық атын өшпестей жазып кетті. Қазақтың партизан-жазушысы, Халық қаһарманы һәм Ұлы Отан соғысының батыры Қасым ағамыздың алдында мына бүгінгі ұрпақ мәңгі қарыздармыз әрі қаһарманның

ерлігін болашақ буынға ұлықтау парызымыз... Сол игі істердің бастамасы ретінде жуырда университетіміздің академик С.Бейсембаев атындағы кітапхананың «Қазақ әдебиеті» бөлімінде Жеңіс күніне орайластыра «Ер рухын көтерген ер» атты Қасым Қайсеновке арналған шағын әдеби кеш өтті.

Кеште Қ.Қайсенов өмірі мен шығармашылығы толық баяндалды. Партизан жауынгердің жорықтарынан хабардар ететін бейне көрністер көрсетілді. Сонымен қатар, Қайсеновтің екінші дүниежүзілік соғыста көрсеткен ерліктерін баян ететін «Қасым» атты фильм жайлы шағын бейне сюжет көрсетіліп, сол фильмге жалпы шолу жасалды. Кеш соңында студенттер өзара пікір алмасты, кеш қонағы болған студенттер Қ.Қайсеновке арналған көрмемен танысты. Әрі осы игі шараға белсене ат салысқан студенттер бағалы сыйлық «Алтын кітаптармен» марапатталды. Міне осындай тәрбиелік мәні зор,



ұлттық құндылыққа толы әдеби кештер өз дәстүрін жалғастырудан жаңылмасын. Шараны ұйымдастырушылар – С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің академик С.Бейсембаев атындағы кітапхананың «Қазақ әдебиеті» бөлімі мен Қазақ филологиясы кафедрасының студенттері.

Ұлжан ТӨЛЕУ

ДІНИ САУАТТЫЛЫҚ - ЗАМАН ТАЛАБЫ

2013 жылдың 3 мамыр күні С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде «Жаңа діни ағымдары және Қазақстанның қауіпсіздігі: жастардың көзқарасы» атты ғылыми студенттік конференция өтті.

Конференция жұмысына қатысты: ҚР Діни істер жөніндегі департаментінің директоры т.ғ.к., Е. Рахимжанов, «Нұр Отан» ХДП ПМФ төрағасының бірінші орынбасары А. Ешмуратов, Павлодар облысының ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары К. Кималиденов, Павлодар облысы ҚХА жастар

этномәдени бірлестіктерінің үйлестіруші кеңестің төрағасы Н.Нефёдова, мемлекеттік мекемелер, үкіметтік емес ұйымдардың жетекшілері мен мүшелері, университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы, магистранттар, студенттер. Конференцияның төрағасы С.Торайғыров атындағы ПМУ-дың ректоры, э.ғ.д., профессор С. Өмірбаев.

Конференцияның өзектілігі студенттік жастардың діни сауаттылығын арттыру қажеттілігімен, магистранттар мен студенттерді діни саладағы болып жатқан қазіргі заманғы тенденциялар мен мәселелерді зерттеуге араластырумен шартталған.

Конференцияның мақсаты – жаңа

діни ағымдарының идеялық бағытын және қазіргі заманғы Қазақстанның рухани, әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси дамуына олардың тигізетін әсерін анықтау, жастар ортасына діни радикализм, экстремизм және лаңкестік идеяларының енуін алдын алу және ескерту, этноконфессиялық толеранттылықты нығайту болып табылады.

Жаңа діни ағымдардың бастаулары, идеялық бағыттылығы және Қазақстанның қауіпсіздігі жөніндегі сұрақтар бойынша талқыландырылған өзекті мәселелердің нәтижесінде конференцияның қатысушылары жалпы стратегияны жасады.

ТАПҚЫРЛАР ДОДАСЫНЫҢ
ДАРАБОЗДАРЫ

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде «Мектептегі білім – өнеркәсіптік мәселелер шешімдерінің негізі» тақырыбы бойынша IQ (intelligence quotient) нұсқадағы «Өнер өрісінде» бағдарламасының аясында мектеп аралық интеллектуалды сайыс өтті.

IQ (intelligence quotient) нұсқасындағы «Өнер өрісінде» бағдарламасы аясында өткізілетін мектеп аралық интеллектуалды сайыс С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде 2009 жылдан бастап өтуде. Бағдарламаның авторы – ПМУ-дың

«Құрылыс материалдарын өндіру және стандарттау» кафедрасының доценті Қабидолла Қасқырбаев. Быылғы сайыстың тақырыбы – «Су төңірегінде».

Сайыстың ашылу рәсімінің барысында С.Торайғыров атындағы Ғылым мен инновация департаментінің директоры Людмила Царенко Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Ұлттық интеллектуалдық меншік институтының сараптама қорытындысын назарларына ұсынды. Сараптама қорытындысы бойынша «Инновациялық желді-қуаттық қондырғы» атты жоба өнертабыс болып танылды. Өнертабысты жобаның жетекшісі – Қабидолла Қасқырбаев, орындаушылар – дарынды балаларға арналған № 3 гимназияның оқушылары Дәурен Қарамбаев және Еркебұлан Мұратов.

Мектеп аралық интеллектуалды сайыстың жалпы нәтижесі бойынша, Ы.Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернатының командасы бас жүлдеге ие болды. № 9 жалпы орта білім беретін гимназия-мектебінің командасы бірінші орын алды, екінші орында – № 21 жалпы орта білім беретін мектептің командасы, үшінші орында № 39 гимназиялық сыныптары бар инновациялық үлгідегі жалпы орта білім беру мектебінің командасы шықты.

САҒАН, ХАЛҚЫМ

Көктемнің шырайлы күндерінде С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің концерттік залында Студенттік филармония және Иса Байзақов атындағы Павлодар облыстық филармониясының әншісі, халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаты Әсел Ботаеваның «Саған, халқым...» атты шығармашылық кеші өтті.

Шығармашылық концерт «Әл-әки» фольклорлық-этнографиялық ансамблі, халықаралық және республикалық байқаулар жеңімпазы, «Аймақтар аламын» тележобаның жеңімпазы Амангелді Қожанов, «Мәдениет қайраткері» төс белгісінің иегері, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті «Орындаушылық өнер» кафедрасының профессоры Ербол Айтбаевтың қатысуымен өтті.

Кеш ПМУ-дың оқушылары, студенттері, сонымен қатар, қала ардагерлері және басқа да өнер сүйшілер үшін көтеріңкі көңіл сыйлар сазға толы кеш болды. Майранның жолын қуған әнші Әсел Ботаева халыққа дәстүрлі әндерді насихаттаушы ретінде танымал. Әсел концерттің бірінші бөлімінде халық аспаптарының сүйемелдеуімен халық әндерін шырқады. Екінші бөлімде әнші қазақ халқының жауһар жырлары мен термелер ұсынды өнерсүйер қауымға. Соңғы бөлімінде бүгінгі сазгерлердің туындыларын эстрадалық әуенмен нақышына келтіре орындады.



Бетті дайындаған Құралай ШАЙМАРДАНОВА



ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТҚАН ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫ

Екінші дүниежүзілік соғысында Кеңестер Одағы Жеңіс туын желбіретті. Ұлы Отан соғысының жеңіс сағатын соғылуына Қазақстанның қосқан үлесі ұшан-теңіз болды. Оқиыстан басталған соғысқа Қазақстан 2 миллионға жуық азаматтарын майданға аттандырды. Майдан даласынан 394 мың қазақ боздақтары қайтпай қалды. Сұм соғыстың ащы дәмін татпаған бірде бір шаңырақ болмады. Бірі әкесін, бірі бауырын, бірі жарын жоқтап, қара жамылды. Жас жеткіншектердің қыршын жасы қиылып, қаншама армандар мен заңғар асулар күл талқан болды.

Кеңестер Одағы 27 миллионнан аса азаматтарынан айырылды.

Германия 10 миллион адамын жоғалтты.

Соғыс 1418 күн мен түнге ұласты.

Ұлы Отан соғысына барлығы 35 миллион адам қатысып, ал, Орта Азия республикаларынан соғысқа 3 миллионға жуық адам қатысып, соның 1 миллион 366 мыңы қазақстандықтар еді. Соның 500-ге жуығы Батыр атанып елге оралды.

Қазақстан жерінде 12 атқыштар дивизиясы, 4 ұлттық атты әскер дивизиясы, 7 атқыштар бригадасы мен 50-ге жуық әртүрлі полктер, батальондар құрылып, майданға аттанды.

Жанын салып жаумен шайқасқан қазақстандық 5 әскери құрамға «гвардиялық» деген құрметті атақ берілді.

Соғыс кезінде 3,5 мыңдай қазақстандықтар партизан отрядтарының құрамында болды.

Жаужүректігі мен жанқиярлығы үшін 96638 қазақстандық жауынгер бірнеше дүркіннен орден және медальдармен марапатталды. 497 жерлесіміз Кеңес Одағының Батыры атанды. Олардың 97-сі қазақ. 142 жауынгер «Даңқ» орденінің толық иегері болды.

Соғыс жылдарында Қазақстан мемлекетке 482,8 мың тонна астық, 217,6 мың тонна картоп, 143,2 мың тонна көкөніс, 1193,2 мың қант қызылшасын, 155,3 мың тонна мақта, 6 миллион тонна бидай, 797 мың тонна ет, 150 мың мініс жылқыларын жөнелтті.

Қазақстан еңбекшілері майданға 25 миллион дана жылы киім, Отан қорғау қорына 4 миллиард сомнан астам қаражат тапсырған.

Қазақстан соғысқа қолданған қорғасынның 85 пайызын, мыстың 30 пайызын, көмір мен мұнайдың барлығын өндірді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Қарулы күштерде 4 орталық, 19 майдандық және флоттық, 103 армиялық газет, ұлттар тілінде 50 мерзімді басылым шығып тұрды. Сұрапыл жылдары қазақ тілінде 10 майдандық, 3 дивизиялық, 1 округтік газет жарық көрген. Олар: «Қызыл Армия», «Қызыл әскер ақиқаты», «Дабыл», «Отан үшін алға» т.б.

Қазақстандық жауынгерлер рейхстагқа шабуыл жасауға қатысып, оның басына Жеңіс туын алғашқы болып қазақ халқының арыс ұлы Рақымжан Қошқарбаев тікті. Сұрапыл соғыс жылдарында батылдығы мен өжеттілігі арқасында аты аңызға айналған Қазақ жерінде жасақталған И.В.Панфилов атындағы 8-ші гвардиялық дивизия Москваны қорғауда теңдессіз ерлік көрсеткенді. Олардың қатарында қазақтың ержүрек, қайсар ұлы Б.Момышұлы бар болатын.

Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Мәлік Ғабдуллин, Талғат Бигельдинов, Бауыржан Момышұлы, Нұркен Әбдіров, Дабаш Бабажанов, Сұлтан Баймағамбетов, Қарсыбай Сыпатаев, жерлестеріміз Қанаш Қамзин, Серікбай Мүткенов, Махмет Қатаев сынды ерлері Кеңес Одағының батырлары деген атқа лайықты деп танылған қазақтың арда ұлдары мен ержүрек қыздары. Партизан отрядтарына командир, комиссар болған әлі күнге дейін ерлігі ел аузында жүрген қазақ батырлары – Әди Шарипов, Қасым Қайсенов, Жұмағали Саин.

Кеңес дәуірінің белгілі жазушысы И.Эренбургтың «Правда» газетінің бетінде 1942 жылы жарияланған «Қазақтар» деген мақаласында Мәскеуді қорғаған 8-ші гвардиялық Панфилов атындағы дивизия тура-

лы сөз қозғалады. «Бір фриц маған: «Біз жойқын күші бар қаһарман солдаттармен беттестік, оларды алған бетінен тіпті ешқандай оқ та, өрт те тоқтата алмады. Олар тура бізге қарай дауылдай дүркіреп жүгіріп келе жатты. Мен бұлардың қазақ деген халық екенін естідім. Бұрын мұндай халық бар екенін естімедім едім...» деді. Фрицтер көп нәрсені білмеуші еді. Оларға Ресейдің үлкен екенін ғана айтып, ал ол елде көптеген халық тұратынын айтпаған. Шығыстың кең даласында ежелден қыстың қақаған аязы мен жаздың аптап ыстығында көндіккен ержүрек адамдар тұрады. Бұл елдің ақындары Қазақстанның даңқты батырлары жайлы сыр шертеді. Ал бұл елдің батырлары ең алдымен арын ардақтаған. Ер Тарғын алты кез алдаспаннан қолына алып, алты мың жауға жалғыз өзі қарсы шабуылға шығып тұрып: «Маған бөрінен де арым қымбат!» деп айғай салған!...

Далада салт атпен жүруге үйренген қазақ. Егер қажет болса еңбектей де алады, жүгіреді де, таулы жерде шыңға қарай өрмелейді, батпақ болса белуардан саз кешіп те жүре береді. Өйтеуір, қазақтарды ешнәрсе де тоқтата алмайды...

Қазақтар орыстармен қатар тұрып ұрыс салуда. Біз бірге қайғы кештік, бірге жаумен шайқасып жүрміз, жеңістің алғашқы таңын да бірге қарсы алып, бірге қуанатын боламыз!» – деп жазды.

Түйін. Ер Тарғын мен Қобланды, бөртін келе Шапырашты Наурызбай, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай сынды батырлардың ұрпағы қазақтар ер мінезімен танылмауы мүмкін емес өсте. Болмысы намыс пен батылдықтан тұратын, рухы қайсар, талабы асқақ, мінезі өжет, жаужүрек батылдардың қазақ елі болғанда аты да ерлігі де өшпес даңқты болатынын білем. Батыр атағын алғандар аз. Алайда, шын ерлік жасап, ұлы жеңістің жақындауына сүмбідей үлес қосқан жандардың ерлігі шын Батыр атағына лайық еді. Олардың барлығы да халқының арыстары, ұрпағы мен жақындарының «Батыр» деп аялайтын ерлері. Олардың ерлігін ұрпағы біздер еш ұмытпауымыз міндет.

ӨШПЕС ДАҢҚ

ҰЛ ЕР БОП ТУСА ЕЛ ТІРЕГІ

Туады ерлер ел үшін,
Өлмейді ісі мәңгілік.
Өшпейді абзал есімдер,
Ұрпаққа жетіп мәңгілік

Кетпейді естен асыл ер, – деп кезінде Жұбан Молдағалиев айттып кеткен. Шындығында жас ұрпақтың санасына ел үшін тайынбаған батыр, жазушы, адамгершілігі мол болған тұлға – Бауыржан Момышұлы туралы сөз етсек. Ол Отанын сүйетін тұлға ретінде ел есінде мәңгі қала бермек.

1970 жылы жарық көрген «Қазақстан комунисі» газетіне жарық көрген «Шайқастарда шыңдалдық» атты мақаласында ол: «Офицерлік шинелімді шешкенге кейбіреулер мені әскерден біржола кетті деп ойлайтын шығар. Жоқ, мен әлі кәдімгі жауынгерлік саптамын. Отставкадағы полковникпің, бірақ отставкадағы азамат емеспін. Көңілім де, жүрегім де сонау сұрапыл жылдардағыдай сергек. Жанымдағы жалын басылған жоқ, көзімдегі өрт лапылдаған ыстық күйінде. Соғыс жайлы сөз қозғалса, қаным қайнап, буырқанып-бұрсанып, қалаған кезде атып тұруға әзірмін. Өйткені ажалмен арпалыс мені, өзімнің қанды көйлек майдандас бауырларымды осыған үйреткен. Кір жуып, кіндік кескен жерімнің, туған елімнің ежелгі азаматтық, адамгершілік салты мені осылай тәрбиелеген. Мен қан майданда өлімді жеңген, өресі биік өрен ұрпақтың, қайтпас қайсар қаһарман

ұрпақтың өкілімін. Сондықтан толғана шертер сырым, әрқашан айтар әңгімем – сол замандастарымның ерлігі жайлы... Адалдық пен арамдық, ерлік пен ездик ел басына күн туған, үлкен сын үстінде сарапқа түседі. Майданда мен батальон командирінен полк, дивизия командирлігіне дейін көтерілдім. Отан соғысының отын кеше жүріп, талай рет хас батырды да, еменнің иір бұтағындай иілуді білмейтін мәртті де, шорт сынар шатақты да, қоян жүрек қорқақты да көрдім. Тарихтың таразысына тартылып, қатал сынға түскен қатерлі де қауырт шақта алуан түрлі адуын мінез бой көрсетті ғой. Қорқақты қайтеміз, адамдықты, адалдықты айтпайық та», – деген естеліктерінен адалдық жолын көксеген тұлға екенін көріп отырымыз. Оның сарбаздарға берген бұйрығы, өзін-өзі ұстауы барлығы жарасымды болған сынды. 1941 жылы екінші дүниежүзілік соғыс басталысымен, ол даңқты генерал майор И.В.Панфиловтың басшылығымен Алматы маңында жаңадан жасақталған 316 атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанады, батальон, полк командирі болып, адал қызмет етті. Соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарады. Бірнеше рет жау қоршауынан жауынгерлерін аман сау алып шығады. Ол қайсар мінезі мен ер тұлғасымен көзге бірден түсті. Бүгінгі аға буын елдің бүлдіршіндеріне «болсаң Бауыржандай бол» деп ақ батасын беріп жатады. Яғни, көпті көрген ақсақалдар кейінгі туылған нәресте

есімін Бауыржан етіп қоюдың өзі жайдан жай емес деп ойлаймын. Өйткені Бауыржан деген есімнің өзі – ағайынға, туған-туысқа жан-тәнімен берілсін, жанындай жақсы көрсін деген ниетпен қойылған есім.

Бауыржан Момышұлының ел біле бермейтін тағы да философиялық жағынан мықтылығы бар. Мәселен, ел ауызында жүрген көптеген бүгінгі күннің мақал – мәтелдеріне айналған қанатты сөздер Бауыржан атамыздікі екенін біреу білсе, біреу біле бермейді. «Жігерсіз сөз жүрекке жетпейді», «Ерлік – ердің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті», «Ердің туы – намыс», «Сен жаудан қашсаң, өмір сенен қашады» деген сөздері арқылы халықтың мойымай болашаққа нық қадам жасағанын қалады. «Басқа жазушылар сиямен жазса, біз қанымызбен жазамыз», – деп өзінің жазуға деген сүйіспеншілігімен, келер ұрпақтың маңдай терін төгіп еңбектенгенін аңсады, барды бағаласын деген үндеулер айтты. Алайда халыққа мол мұра қалдырған тұлғаны тарих беттері ұмытпай, ол туралы көптеген жазушылардың қаламынан өрілген өшпес туындылар қалды. Александр Бектің «Арпалыс», Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз», келіні Зейнеп Ахметованың «Шуақты күндер», ұлы Бақытжан Момышұлы «Жанымның жарық жұлдызы» және т.б. шығармалары оның біз білмеген қырларынан таныта түсті.



P.S Тәуелсіздіктің ақ таңын көру азат елдің ұл қыздары болу нағыз бақыт. Ал елі үшін жанын садаға еткен Бауыржан Момышұлын ұмытпауымыз керек. Бір кездері Зейнолла Қабдолов Мұхтар Әуезовті меншіктеп, «Менің Әуезовім» дейтін еді. Осы күнде бізде көрнекті тұлғаны «Менің Бауыржаным» деп айтсақ артық кетпейтініміз рас. Себебі халыққа жүрегінен шыққан естеліктер қалдырып, нағыз патриоттық рухты сездіре білді. Осы күнгі жас ұрпақтың үлгісі де мақтанышы – Бауыржан ата.

Назгүл РАБИЛОВА



С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті – Болондық процестің толыққанды мүшесі, «Қазақстан-2050» Стратегиясында берілген мақсаттар мен міндеттерді орындаушы және 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын іске асыруды мақсат еткен өңіріміздің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орыны.



С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің инновациялық инфрақұрылымы «Ертіс» ғылыми-технологиялық парк, инновация мен трансфертті технологиялардың өңірлік орталығы, инновация мен ғылыми жобалардың өңірлік сайты және 14 ғылыми-практикалық орталықтардан тұрады.



С.Торайғыров атындағы ПМУ республиканың инновациялық-бағдарлы оқу орындары қатарында. Жоғары оқу орын өзінің білім және ғылыми-инновациялық потенциалын республикалық ғылыми-зерттеу институттары мен экономикалық сектордағы ірі кәсіпорындармен тығыз байланыс орнатқан инновациялық-бағдарлы университеттің қағидаттарымен дамытып келеді.



С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде 48 ғылым докторлары, 220 ғылым кандидаттары мен доценттер қызмет етуде. Металлургия, үнемділік ресурстары мен энергоүнемділік технологиялар, металлургия мен машинажасауды дамыту, құрылыс индустриясы мен құрылыс материалдарын өндіру, биотехнология және фармацевтика өндірісін дамыту, ақпараттық технологиялар, әлеуметтік-гуманитарлық бағыттары бойынша мамандар дайындауда.

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің білім көкжиегі

С.Торайғыров атындағы ПМУ білікті инженерлік мамандықтарды даярлауға көп көңіл аударады. Бүгінде университет студенттерінің 60 пайызы техникалық бағытындағы білім бағдарламаларымен білім алуда. Қазақстанның экономикасына зор ықпал етуші металлургия, машинажасау, құрылыс, жылуэнергетика, электроэнергетика салаларында қызмет етіп жүрген мамандарды айтуға болады.



С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің түлектерін еңбек нарығында жұмыспен қамтудың тиімді жолы ретінде ЖОО мамандар дайындаудың дуальді жүйесін енгізуі шарт. Биылғы оқу жылында оқытудың дуальді жүйесін енгізу Жоспары бекітілді.



Павлодар мемлекеттік университетінің студенттері «Қазақстан алюминий» АҚ, «Еуразиялық энергетикалық корпорациясы» АҚ, «Қазхром» ТНҚ АҚ АФЗ, «Қазақстан электролизді зауыт» АҚ, «KSP Steel» ЖШС ПФ, «Кастинг» ЖШС ПФ, «Нефтехим компаниясы LTD», «Павлодар машинажасау зауыты» АҚ, «Павлодар Электржелілік Үлестіру компаниясы» АҚ және т.б. орындарда еңбектенуде.



С.Торайғыров атындағы ПМУ 2011 жылы – 56, 2012 жылы – 46 әлемдегі алдыңғы қатарлы жоғары мектептердің шетелдік ғалымдарын шақырып, ал, 2013 жылы 48 шақыру көзделіп отыр.

С.Торайғыров атындағы ПМУ Болондық процесс аясында студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын дамытуда. 2012 жылы ішкі академиялық ұтқырлық шеңберінде 68 студент шетелде оқуын жетілдірді. Оның 49-ы 2012-2013 оқу жылының күзгі семестрінде білімдерін ұштап келді. Студенттер Наварра Университеті (Испания), Синьзянь университеті (Қытай), Чехия техникалық университеті (Чехия), Бранденбург техникалық университеті (Германия), Вена технологиялық университеті (Австрия), Москва энергетикалық институты (Ресей Федерациясы), Балтика халықаралық академиясы (Латвия) және т.б. жаһанның алдыңғы қатарлы жоғары мектептерінен білім алып келді.



С.Торайғыров атындағы ПМУ дамуының стратегиялық приоритеттерінің бірі – электронды университеттің дамуы және белсенді ақпараттандырылуы.

Жастар тынысы 5

Үміт пен үрей



Елімізде ұлттық біріңғай тестілеуге қатысу үшін өтініш қабылдау науқаны аяқталып, емтиханды өткізуге қызу дайындық жұмыстары жүргізілуде. Биылғы жылғы ҰБТ-ға қатысуға 99560 мектеп бітірушілер тілек білгіріпті. Яғни мектеп бітірушілердің жалпы санының 72 пайызын құрап отыр.

Жалпы, тест арқылы білімді сынау адамзат тарихында байырдан бері белгілі. Тарихшылардың айтуынша көне қытайлықтар осы тәсіл арқылы лауазымды қызметке тағайындалатын үміткердің білім деңгейін тексерген. Ал, оқушылардың білім сапасын сынау үшін бұл амалды алғаш Ұлыбританияда 1864 жылы Дж. Фишер қолданысқа енгізген. 1883 жылы британдық психолог Ф.Гальтон тесті қабылдау теориясын жасап шығарады. «Тест» сөзін алғаш 1890 жылы американдық психолог Дж. Кеттелл алғаш қолданып, 1911 жылы неміс психологы В.Штерн бұл атауға «интеллектің коэффиценті» деген мағына берген. Бүгінде жаһанда білімді сынайтын тестті «IQ» деп атайды.

Білімі мен талабы зор оқушылардың жоғары оқу орындарына әділ түрде қабылдануы үшін енгізілген Ұлттық бірыңғай тестілеу үрдісі биыл 9-шы рет бүгінгі ұрпаққа қызмет еткелі жатыр. 8 жылдың ішінде бұл сынаққа 1 миллион 200 мың адам қатысқан екен. Бүгінгі қоғамның мазасын қашыратын мәселелердің бірі осы – ҰБТ. Оқушы он бір жылдық білімді бірер сағатта түйіндеп шығады. Ол күнгі көңіл-күй, ол күнгі қобалжу басқа күндерден ерек. Кеше ғана сананда ойнақтап жүрген жауаптар дәл бүгін тас мидан шығып кетеді. Биылғы мектеп бітірушілер мен ата-аналар алдағы мемлекеттік тестілеу жақындаған сайын қобалжи түсуде. Былтырғы келеңсіздіктерден кейін Ұлттық тестілеу орталығының биылғы шаруасы да арта түсіпті. Мекеменің ақпаратын ескерсек, ҰБТ-ны дамыту мақсатында 2013-2014 жылдары екі кезең бойынша тестілеу тапсыру бойынша тәжірибе өтетін болады. 2015

жылдан бастап ҰБТ екі кезеңге бөлінеді.

Біріншісі – ұлттық тестілеу қалпындағы бітіру

емтиханы, екіншісі – талапкерлерді кешенді

тестілеу қалпындағы ЖОО-ға түсу емтиханы.

Бүгінде орталық осы шаруаға білегін сыбана

кіріскен-ді.

ҚР Білім және ғылым министрі Б. Жұмағұлов: «Біз барлық сұрақтардың стандартқа сәйкестігін анықтауға байланысты толық анализ жасап шықтық. Сонымен қатар, қиындық тудырмайтын көптеген сұрақтар базадан алынып тасталынды. ҰБТ сұрақтарының шамамен 30-36 пайызы толық жаңартылды», – деп мәлімдеді. Министр биылғы жылғы ҰБТ-ның форматы өзгермей, тестілеу өткен жылдардағыдай 154 орында қазақ тілінде 68315 бала, орыс тілінде 31245 бала тапсыратынын жеткізді.

Министрдің айтуынша Білім және ғылым министрлігі осы жылғы тестілеуде логикалық сұрақтарға көңіл бөліпті. «Оқушылардың ойланып, ізденулері үшін биыл логикалық сұрақтар саны артады. Тіпті оқушы сұрақтың дұрыс жауабын білмесе де, бала ойланып, сұраққа дұрыс жауап беруі мүмкін», – деп мәлім етті Бақытжан Жұмағұлов.

Қазақстанда Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізуге бақылауды жүзеге асыру үшін Білім және ғылым министрлігінің 1,5 мың өкілі оқытудан өтеді, деп хабарлады Primeminister.kz сайтына берген сұхбатында ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау жөніндегі комитеттің төрағасы Серік Ерсалиев. Білім беру саласындағы бақылау жөніндегі комитеттің басшысы ҰБТ тапсыратын пункттердің көбінде аркалы металл іздегіштер орнатылатынын хабарлады. Олар болмаған жағдайда қол металл детекторлары қолданылады. Осы жолғы бақылау жұмыстары балаларға қатысты өте сыпайы болады деп жұртшылықты сендіріп отыр мамандар.

ЭНГІМЕНІҢ ӨЗЕГІ

ӨРКЕНИЕТТІ ҚАЛАДАҒЫ ТАҒЫЛЫҚ ӘРЕКЕТ

Қаланың көркі мәдениет ескерткіштері мен әсем ғимараттар. Сол ескерткіштер мен ғимараттар елдің, халықтың игілігі мен мәдени мұрасы. Тарихи құндылығы бар естеліктер, мүсіндер, сәулет өнері тіпті қала көшелеріндегі гүл шоқтары, шам жарығы мен орындықтар барлығы да халыққа қызмет етуі тиіс. Көрген көзге қуаныш сыйлап, көңілге медеу, санаңа таным, шаршағанға сая болуы хақ еді. Алайда, қала көркін бұзып, мәдени нысандарды қирататындар неге көбейіп кетті?

Қала көркін бұзудың түрлері көп. Бүгінде қала мүлкіне жазу, сызу, қоғамдық мүліктерді қирату әдеттегі құбылыс. Ал қабырғаға, басқа да дүние мүлікке жазу немесе сурет салу түрін граффити деп атайды. Жалпы, бұл сөздің төркіні италиян тілінің «тырналау» сөзінен туған. Қабырғаға сызылау үрдісі Көне Шығыс елдерінде, Греция, Рим дәуірлерінен бастау алған екен. Қазақтың кең даласында да үзгір қабырғалары мен тастарға сурет салу сонау ықылым заманнан бергі ишарат. Ал қазір қоғам қабырғаға, қоғам мүлкіне сурет салу өнерін вандализмнің әрекеті ретінде қабылдайды. Көп мемлекеттерде билікке қарсы топтар қала қабырғаларына сурет салу, жазу арқылы наразылықтарын жеткізіп отыратын болған. Мәселен, 1968 жылы Париж қаласында граффити сызбаларымен бүкіл қала революциялық анархиялық ұрандарға толы болды. Әлемнің көп елдерінде қабырғаларға сурет салғаны үшін заң алдында жауапқа тартылады. Енді бірі үшін бұл өнер түрі болса, енді бірі үшін бұл тағылық немесе вандалдық әрекет саналады.

Вандалдар деген кімдер?

Вандалдар – көне шығыс германдық тайпа. Бұл термин 455 жылдың 4 маусымында Римді талқандап кеткен шығыс-германдық вандал тайпасымен тікелей байланысты. Вандалдар Римнің дүние-мүлкін тонап, иеленіп кеткен. Алайда, тарихи деректерде вандалдардың мәңгі қаланың мәдени құнды дүниелерін қиратып, жайратты деген мәлімет жоқ. Олар римдіктер үшін кейін пұл алармыз деген ниетте ғана оларды тұтқынға алып кеткен екен. Десек те, вандалдардың есімі халықтың мәдени ошақтарын қиратып-жоятын жабайылармен қатар жүреді. Көне вандалдықтар осы бір әрекетімен-ақ мәңгі бұзақылардың даңқына ие болатынын өздері де сол сәтте білмесе керек. Дегенмен, бұл терминді Ұлы Француз революциясы кезінде Генералды Штаттық конвенция мүшесі Анри Грегуар 1794 жылы «Вандализм әрекетінің қиратулары мен оның алдын алу баяндамасында» алғаш аузына алады. Ал, XIX ғасырда вандализм сөзі өнер туындыларының, сәулет және мәдени ескерткіштердің мағынасыз қиратуына байланысты айтылатын термин ретінде кең етек алады. Вандалдарды бүгінде «жабайы»,

«аяусыз ұрлық», «варварлық тұрпайылық» сияқты сөздермен төркіндес етеді.

Тағылық әрекеттер - қылмыс

Мәдени ескерткіштер мен қала мүліктерін қиратып, көркін бұзған, халық ескерткіштерін қор еткен азамат заң алдында жауапқа тартылады. Қазіргі кезде вандализм сипатындағы қылмыстар көбейіп отырғаны байқалады. Осыған орай ҚР Қылмыстық кодексіне арнайы бап енгізіліп, қаскөйлік әрекет жасаушыларды жазалау шаралары көзделген. Қылмыстық кодекстің 258 бабы бойынша: «Тағылық, яғни үйлерді, өзге де ғимараттарды жазулармен, суреттермен, қоғамдық адамгершілікті қорлайтын өзге де іс-әрекеттермен қорлау, сол сияқты көлікте, өзге де қоғамдық орындарда мүлікті қасақана бүлдіру жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бір айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының және өзге де табысының мөлшерінде айыппұл салуға, не жүз жиырма сағаттан жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не алты айдан бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не төрт айға дейінгі мерзімге қамауға алынып, жазаланады.

Әл-Фараби армандаған қала

Әрбір отбасын қоғамның кішкене бөлшегі ретінде қарастырған әл-Фараби адамның өзінің жеке мақсаты болады, бірақ бұл мақсат қала белгілейтін ортақ қасиетке қызмет етуі тиіс, яғни адамдар өзінің жеке мүдделерін қоғам мүдделеріне бағындыруы керек дегенді айтады. «Мемлекеттік билеушінің нақыл сөзінде» ол отбасы мүшелерін (Аристотель сияқты) бірнеше бөлікке бөледі. Олар ері мен әйелі, қожайыны мен қызметшісі, ата-ана мен балалары, мүлкі және оның иелері. Осының бәрі көпшілікке қызмет етуі тиіс. Үйдің өзіне тән мақсатын қала белгілейтін ортақ мақсатқа жұмылдыруын әл-Фараби адамдардың адамгершілік қасиеттерінің көрінісі деп есептейді. Ал адамдардың көздеген мақсаттарына жетуі оның өзіне ғана байланысты, шын ақыл-парасатқа, ізгілікке, игілікке тек адам ғана қабілетті, бұл адамның қолы жете алатын ең биік бағыты деп ой қозғайды ұлы ойшыл.

Ашу-ыза кернегенде...

Вандализмді психолог мамандар адамның агрессиялық әрекетімен байланыстырып жатады. Көп жағдайда вандалдық іс-қимылдар шерулер мен көтерілістер кезіне тән құбылыстар. Психологиялық жаншылған адамдар, яғни, ашудың күшімен қарсы әрекеттер жасайды. Мәселен, Жаңаөзен қаласындағы тұрғындар мен жұмысшылардың көтерілісі тағылық әрекеттерге ұласқан. Кейде мұндай тобырды арам пиғылды көздейтін көшбасшылар қолдануы әбден мүмкін. Ашуға булыққан жастар олардың кезекті қаруы болып қала береді. Алайда,



бейбіт

күнде тарихи маңызы бар ескерткіш нысандарын қиратып, жалпыға ортақ қоғамдық игіліктерді талқандау, аялдамалар мен көше шамдарын сындыру, қала тазалығын ластау, халық үшін киелі естелікті қорлау, зираттарды құрту сияқты вандалдық әрекеттер неге жиілеп барады? Қаладағы әрбір осындай әрекеттерді көргенде жастарымызға кінә арта салатын әдетіміз бар. Дегенмен, әр іс-әрекеттің себебі немесе тамыры болатынын ескере бермейміз. Ол неге осы іске барды? Баласына уақыт бөле алмаған ата-ана, әрдайым ұрыстың астына алатын ұстаз, жақсылығы мен мейірімділігін байқамай қалған әрбір үлкендердің де осы іске қатысы бар екенін естен шығармаңыздар.

Сөз соңы. Шаһардағы әрбір ескерткіш тұрғындардың мәдениетінен хабар беретіні белгілі. Аялдамалар мен ескерткіш нысандарында, қала орындықтары мен парктарда, қаланың көрнекі жерлерінен «Мен сені сүйем», «Бұл жердің қожасы менмін» тағы сол сияқты сөздерден көзді алу мүмкін емес. Тіпті сызбаланған сөздер арқылы кімнің кім екенін, кімнің нендей психологиялық дерттері мазалап жүргенін анықтауға болады екен. Бірақ, өңгіме ол турасында емес. Осы жұқпалы дерттен айығу үшін не істемек керек?

О.А. КОЛЛЮХ, психология ғылымдарының кандидаты

Вандализм – адам жүріс-тұрысындағы бүлдіру, қирату сияқты қалыптарының бірі. Соңғы жылдары бұл мәселе төңірегінде қазақстандық басылымдарда көп айтылып жүр. Сонымен бірге, жеке вандализмді танытуға арналған бірнеше ғылыми жұмыстар жарияланды.

Вандализм – өнер, мәдени туындылары қиратылып, бұзылып кетуіне әкеліп соқтыратын адамның деструктивті (талқандау) және девиантты жүріс-тұрыс қалпы.

Қоғамдық мүлікке нұқсан келетін иррациональдік әрекеттер вандализмнің (қылмыс ретінде) белгілері болып табылады. Тұрмыста вандализм түсінігі біреудің немесе қоғамдық мүлікті қиратып, талқандаумен байланысты бұзақылық әрекеттерді білдіреді.

Бұзақылық – күш көрсету мен қиқар мінез арқылы қоғамды құрметтемегенін білдірсе, вандализм – айналадағылар байқамайды немесе бұл әрекеттерге мән бермейді, әсіресе мүлікке залал келтіріп, қиратуды көздейтін ниеті жасырын түрде жасалатын әрекет түрі.

Бетті дайындаған Жанар ӘБДІҚАЛИҚЫЗЫ

Уставтық емес қатынастар әскер қатарындағы жауынгердің әскери қызметінің мерзімінен туындайтын дискриминациялардан бастау алатын құбылыс екені бүгінде барша жұртшылыққа аян. Бұл психологиялық және физикалық түрде күш көрсету арқылы жартылай криминалды мазмұнға ие қатынастар. Өлімжеттік әрекет барлық әскери ұжымдарға, тіпті, элиталық әскери күштерге де тән жағдай. Көбіне бұл құбылыстың пайда болуына ықпал ететін маңызды себеп бола бермейді. Мысалы, әскер қатарындағы жауынгерлердің ұлтына, нәсіліне, этникалық мәдениеті мен діни белгілері бойынша бөлінуі «өлімжеттік» емес, жерлестік дегенге көбірек келеді екен. Әскери өлімжеттікті анықтайтын негізгі фактор — әскери қызметіндегі мерзімдік айырмашылық қана.

ӘСКЕРИ ӨЛІМЖЕТТІКТІҢ ПАЙДА БОЛУЫНА НЕ СЕБЕП?

Бұл қатынастарды зерттеушілердің кейбірі өлімжеттік жүйе әскери күшті шектен тыс өз пайдасына қолданған кездерде күшейе түсетінін айтады. Мәселен, 1960 жылдардың соңында командирлер қарамығындағы әскери күшті өз басының материалдық пайдасы үшін қолданған дейді П.В. Вахнина өз зерттеу жұмысында. Яғни, жас жауынгерлерді ресми емес бұйрықты бұлжытпай орындату үшін кең қолданылған әдіс. Бұл қатынас түрін әскер басшыларының өздері ойлап тапқан деп айтуға келеді. Өйткені, офицерлер «дедовщиналық» жүйені өз қара бастарының істері үшін, жас сарбаздарды басқару тетігі ретінде қолданып, жас жауынгерге бұл жүйенің қыр-сырын үйретіп келген. Бұған себепті автор әскер қатарына келген жастармен тәрбие жұмысын атқарғысы келмеген, ресми емес қатынасты құртудың орнына, оны керісінше қолдап, одан әрі дамуына ықпал етуімен қоса, кейінгі ұрпаққа өнегелі мұра етіп келген де осы офицерлердің нақ өздері екенін мәлім етеді. Сонымен, әскердегі өлімжеттіктің өркендеуі устав бойынша тіпті, әскери бөлімнің шаруашылық тіршілігіне де қатысы жоқ істерде жас ұландардың еңбегін қанау арқылы материалдық табыс көруден басталады дейді әскердегі ресми емес қатынастарды зерттеп жүрген ғалымдар.

Ендігі бір деректе әскери өлімжеттік КСРО әскеріне абақтыдағы жазасын өтеушілер алына бастағанмен байланысы барын айтады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары әскер қатарына алынатын бозбалалардың аздығынан қылмысын өтеушілер әскер сабына қосылған. Бүгінгі әскердің кеселді дерті сонау 1942-1943 жылдардан бастау алады. Тек 80-90 жылдары ғана әскердегі өлімжеттік нағыз бүгінгі қалпын қалыптастырып болды деуге болады. 20-30 жылдың ішінде кендір кесел өбден орнығып, бозбалаларды ауыздығына іле бастады. Дегенмен, одан бері қазақ елі көркейді, экономикамыз тұрақтанды, әскерге көз салар кез келді. Тәуелсіздікпен жасты жас ұландарымыздан бейбіт өмірде суық хабар келіп жатқанда бейқам жатқанымыз жарамас. Айуандық пен қаныпезерлік жайлаған жауынгерлер бірте-бірте тірі өлік, яғни зомбиға айналуына мемлекет, қоғам болып тосқауыл қоя алмайтынымыз ұлтқа төнген ең ауыр қасірет.

ӘСКЕРДІҢ ӨЗ ЗАҢЫ БОЛАДЫ

Әскерде иерархиялық дәрежелер болады: жарты жылға дейін — «рух» (дух) яғни, ешнәрсе түсінбейтін, қолынан еш нәрсе келмейтін, еш нәрсе білмейтін түсініксіз жан. Жарты жылдық — қиындықтарды артына қалдырып ысылған, ережелер мен ғұрыптарды, міндеттерін нақ білетін, кейде «рухтардың» бүлдіргені үшін жиі жауапқа тартылатын сарбаздар. Бір жыл — өз қызметін нақты білетін, алдыңғылардың жұмыстарының орындалуы үшін жауап береді. Одан кейінгі уақытта әскердегі қызметтен моральді түрде шаршаған, үйіне қайтуды мақсат еткен әскер киімін киген азамат. Жауынгердің ресми емес шенге ауысуының өзі бір ғұрыптық салт.

Бұл шара келесі деңгейге өтушіні денесіне қатты физикалық ауыртпалық тигізумен өтеді. Әр деңгейге өтуінің өз «таяғы» болады екен.

ӘСКЕРДЕГІ ӨЛІМЖЕТТІКТІҢ ТУЫНДАУЫНА СЕБЕП ІЗДЕДІК


Әскердегі өлімжеттіктің өркен алуы заңды да. Әскер қатарына алынған бозбала ол ортадан өздігімен беталды кете алмайды. Екіншіден, әскер қатарындағы тұрмыс жағдайы төмен, кейде орташа. Үшіншіден, қатарластарының тарапынан келетін агрессияға тосқауыл болатын немесе қорғайтын механизмнің жоқтығы. Төртіншіден, қоғамдағы моральді емес қарсы өлімжеттік әрекеттерден қорғансыз болуы. Былайша айтқанда офицерге немесе өзінен жоғары шенділерге шағым түсірген жауынгер адам қатарына жатпайды. Бесіншіден, сарбаз мақсатты немесе офицерлердің

Тағы бір аңыз — ерік-жігері мықты жас ұлан алдыңғы қатарлы әскери қызметтестеріне төтеп бере алады. Алайда, командирдің еркіне төтеп бере алатын бірде-бір қатардағы жауынгер болмайтыны анық. Мәселен, оның жасаған өр мінезіне бүкіл команда жауап береді. Ал, кинодағы жау жүректік шын мәнінде аңыз ғана.

«Шалдар» жастардың тағамдарын алып, аш қалдырады. Көбіне соңғы жыл әскер қатарында жүрген жауынгерлер әскер дәмінен шаршап, асханада емес, шай ішетін бөлмелерде тамақтануы да мүмкін. Әскерге жаңа келген жас сарбаздардың үйден жөнелтілген тағамын, сатып алынған астан тату мүмкіндіктері тұрғанда асханаға барудың не қажеті бар.

Ендігі бір аңыз — соғыс алаңдарында өлімжеттік әрекеттері болмайды. Мәселен, соңғы Ауғанстан еліне барған

САРБАЗДЫ ДА ҚАМҚОРЛАУ ПАРЫЗ



Бүгінгі қазақ қоғамның кеселді інгеміне айналып отырған әскери өлімжеттік елді өбірге салды. Сан саланы жағалап жүрген дегбір дертті ауыздықтауға шамамыз жоқ, әзірге. Жалпы, бейбіт заманда аналарды көз жасына малытып, әкелерді қорғансыз, ел мен билікті қауқарсыз еткен не күш? Отан алдындағы борышын өтеп жүрген жас сарбаздардан күн өте елге суық хабар келуіне не себеп?

өз пайдасын қанағаттандыратын әр бұйрықты орындауға міндетті. Алтыншыдан, басшылық тарапынан тәртіпті орнатуға деген құлшыныстың жоқтығы яки өз жұмыстарын «шалдарға» арта салу әдеттегі іс. Жетіншіден, әскердегі өлімжеттік оқиғаларын жасыру фактілері жиі кездеседі. Өйткені, қылмыс ашылса сардарлар қатаң жазаға тартылатыны белгілі. Келесі шеннен айырылу, қызметінің төмендеуі, әскер Күштері қатарынан алыну сияқты әскери қызметкер үшін ауыр жаза. Міне, осы себепті де Отан алдындағы борышын өтеп жүрген жас сарбаздар арасында өзін-өзі өлтіру немесе бірін-бірі өлтіру фактілері жиі кездеседі.

ӘСКЕРИ ӨЛІМЖЕТТІК ТУРАЛЫ ЕЛ АУЗЫНДАҒЫ АҢЫЗДАР

Жиі кездесетін аңыз — әскери өлімжеттіктің негізі «дедтердің» физикалық күші мен қол жұмсауынан тұрады. Сол шалдардың күші білектен емес, оларды қолдайтын сардарлар мен офицерлерде. Алайда, бөлімше командирінің өз аумағында уставты емес қарым-қатынастарға устав бойынша тосқауыл қоюға мүмкіндігі бар.

Келесі аңыз — физикалық күшті жас жауынгер «дөдке» төтеп бере алады. Егер, жас ұланның күші «шалдан» асып тұрса да, уставты емес дәстүрлі бөлімшеде «қара тізімге» ілгері сөзсіз.

КСРО әскері осы аңызды жоққа шығарды. Мұнда тіпті әскер қатарына ертерек келгендерді офицерлер ашықтан ашық қолдаған екен.

ЖАҢАҢДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТЕР ӘСКЕР КҮШІНДЕГІ ӨЛІМЖЕТТІКПЕН ҚАЛАИ КҮРЕСУДЕ?

Бүгінде әскери өлімжеттік жаһанның көп мемлекеттерінде кең етек жайған кесепат. Әскердегі кішіге өлімжеттік көрсету ғұрыптары туралы алғаш деректі Көне Спарта әскери күшінен байқаған екен ғалымдар.

Әскери өлімжеттік тек Қазақстан немесе ТМД елдеріне ғана тән құбылыс емес. Мәселен, 2006 жылы НАТО-ның біріккен әскери күшінің бас қолбасшысы Джеймс Джонс АҚШ әскери күштерінде әскери өлімжеттіктің барын мәлімдейді. 2008 жылдың өзінде АҚШ-та өлімжеттіктің 7000 оқиғасы тіркелген. 1997 жылы АҚШ-тың теңіз флотында «Нептун» атты жауынгерлердің бағышталу ғұрпы болған. Жас ұландарға өздерінен үлкен қызметтестері адам денесінен шығатын қалдықтарды денелерімен тазалап, соңында жуатын көрінеді. Американдық командирлер осы уставты емес ғұрыпты тоқтату мақсатында АҚШ Конгресіне ресми сауал жіберген.

Оңтүстік Кореяда 15-20 жыл бұрынғы әскери қатынастармен салыстырғанда

жемқорлық және өлімжеттікке қарсы күрес шараларынан кейін корейлік офицерлер әскери шендері мен қызметтері үшін қорқатын көрінеді. Әскердегі өлімжеттіктің жойылуына ақпараттық технологиялардың дамуы мен халықтың тығыздылығы ықпал еткен көрінеді.

Ал, Испания мен Польша елдеріндегі әскери күштеріндегі уставты емес қатынастар, әскери қызметті келісім-шарттық негізге ауыстырғанымен тікелей байланысты. Мәселен, Швеция мен Норвегияда әскери міндет сақталғанымен, шындығында әскери күшті шақыртулар арқылы емес, таңдау арқылы іске асырылады. Себебі, әскери міндетті атқаруға ниет ететіндер талап етілгеннен де көп екен.

Қытай Халық республикасында уставты емес қарым-қатынастар үшін әр жауынгер өз басымен жауап береді. Ал, командирлері өлімжеттік фактілерін жасырғаны үшін жеке жауапқа тартылады екен. Ал, НАТО шын күресіп жүрген құрылым ретінде әлемге мәлім. Өлімжеттіктің еш экономикалық негізі жоқ (әскери бөлімшелердің заңсыз шаруашылық әрекеті), қарапайым қатардағы құрамның басқалардан гөрі құқығы жоғары, мобильдік байланыстарға пайдалануға рұқсат етілген. Ал, Еуропада кез келген әскери бөлімге арнайы аккредитациядан өткен журналистер мен қоғамдық ұйым мүшелерінің қолы жетімді.

Жаһанның бұқаралық құралдарынан әскердегі уставты емес қарым-қатынастар Ұлыбритания, Мысыр, Бангладеш, Парагвай, Финляндия, ОАР Израиль, Австралия, Швеция, Канада, Ресей және ТМД елдерінде бар құбылыс екенін аңғаруға болады. Әр елдегі әскери өлімжеттік әр түрлі деңгейде, көріністері де алуан.

ТҰҒЫРЫ БИІК ҚАЗАҚ ӘСКЕРІ

Соңғы он жылда әлемде жүзден аса қарулы қақтығыс болып, он миллионнан аса адам қаза тапқан. Сондықтан ұлан-байтақ кеңістікке ту тіккен Қазақстанның қауіпсіздікті бір сәтке ұмытуға әскер қатарындағы сарбаздардың қақысы жоқ. Ел әскері жыл сайын қуатын арттырып келеді. Бізде қарулы күштердің үш түрі бар. Құрлық әскері, Әуе қорғанысы күштері мен Әскери-теңіз күштері. Бұдан өзге ел тыныштығын сақтап отырған әскери құрылымдар: Ұлттық гвардия, Ішкі әскер және ҰҚК Шекара қызметі, әуе шабуылына қарсы тұратын зениттік-зымыран кешендері.

Қазақ армиясы — кәсіби армия. Тең жартысы әскери шақырылыммен толықса, қалған 50 пайызы келісім-шартпен қызмет етеді. Сарбаздар қызметі екі жылдан бір жылға қысқарды. Бұл жүйе әскери өлімжеттікті жояды деп үміттенеді мамандар. Ел іргесінің мықты болмағы «бес қаруы сай» сарбазға сын. Ал, сарбаздың білекті, жауға жүректі болуы — тәрбиеден. Яғни, Бауыржан Момышұлы айтқандай, «Отан үшін отқа түсетін» ұрпақ өсіру ұлтын ойлаған әрбір адамның парызы.

Түйін. Қазақстан әскер күштерінде өлімжеттіктің барын елге келіп жатқан суық хабардан аңғарамыз. Өкінішке орай, өлім құшқан сарбаздардың ажал себебі анықталғандары аз. Әскердегі «дедовщина» атам заманнан бергі, тіпті жаһан әскерінде бар жағдай екенін жоғарыда айтып өттік. Алайда өзінің қандас бауырын өлердей етіп сабау мен айуандықпен өлтіру, ұялы телефонна қаражат салдыру, өзіне жүктелген істі өлсідің мойнына арту, қоқан-лоқы көрсету, сарбазды басыбайлы құлына айналдыру қазіргі қазақ әскерінің келбеті. Сарбаздардың арасында қалыптасқан ресми емес иерархиялық қарым-қатынастық жүйе кез келген әскер күш қатарында болады деп өзімізді алдаусыратамыз. Онсыз әскер өскер болмайды деп әскери өлімжеттікті қолдайтындарымыз да бар. Одан да көлемі жағынан әлемде тоғызыншы орын алатын, аумағы 2 миллион 700 мың шаршы шақырымға жететін ұлан-байтақ даласы бар қазақ сарбазы қауіпсіздікті бір сәтке ұмытпаса екен.

Жанар ЕЛЕШОВА

ЕЛ БАСЫНА ТӨНГЕН ҰЛЫ ЖҰТ



МҰРАҒАТТАРДАН ТАБИҒАН ДЕРЕКТЕР...

1991 жылы 11 қарашасында Жоғары Кеңес Төралқасының қаулысымен 1931-1933 жылдардағы ашаршылық пен 1920-1940 жылдардағы саяси қуғын-сүргін нәубетіне негіз болған заң актілерінің, партия мен кеңес мекемелерінің қаулыларының дұрыстығын тексеріп, арнайы қортынды жасау үшін Парламенттік комиссия құрылды. Комиссия жұмыстарына Ішкі істер министрлігі, ҰҚК, Жоғары сот, Бас прокуратура атсалысып, барлық құжаттардың ашылуына ықпал еткен. Ол мұрағаттар қатарында бұрынғы Партия мұрағатымен бірге Орталық мемлекеттік мұрағат, бұрынғы ОГПУ-НКВД мұрағатының құжаттары алты жарым айдан аса уақыт бойы тексерілді. Сонымен бірге, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей мұрағаттарымен бірге Қазақстанның облыстық мұрағаттарының құжаттарына да сараптама жасалған. Комиссия жұмысының нәтижесіне үнілсек. Ашаршылық XX ғасырдың 30-жылдары сол кездегі КСРО-ның көптеген аймақтарын қамтыды. Әсіресе, Еділ бойы, Солтүстік Кавказ, Украинадағы ашаршылық көлемі тым ауқымды болған. Ал, халқының құрамы мен аштан қырылған, бас сауғалап босқындап кеткен халқының саны жағынан залал көрген Қазақстан ғана еді.

ХАЛЫҚ САНЫ

1897 жылы империя көлемінде жүргізілген халық санағының ресми мәліметі бойынша, өзбектің саны 1 млн. 690 мың, ал тәжік халқы 350 мың болыпты. Сол кездегі қазақтың саны 4 млн. 120 мың адам болған. Ал, 1918-1920 жылдары шамамен 6-7 миллионға жеткен екен. 1921 жылғы аштықтан 1 миллион 700 мың адам көз жұмса, 1931-1934 жылдар аралығындағы ұлы нәубетте 2 миллион 300 мың адамнан айырылыппыз. Демек халықтың тең жартысы аштан өлген. Ғалымдардың есебіне, ашаршылық 1918 жылдан басталады. Осыдан дәл бір ғасыр өткенде өзбектің саны 25 миллионға жуықтап, қазақтың саны 9 миллионға зорға жетті. Аштық пен жоқшылықтан есеңгіреген ел әбден тозып бітті. 1930 жылдың маусымынан 1933 жылдың маусымына дейінгі аралықтағы ашаршылық құрбандарының жалпы саны 3 миллион 379 500 адамнан асып жығылады. Мұның 1 миллионнан астамы босқын есебінде көршілес елдерге кеткен.

Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері, 1991-1992 жж. ҚР Жоғарғы Кеңесі құрған 1931-1933 жж. ашаршылық пен

1931–1933 жылдар ел тарихында болмаған зұлмат жылдар өтті қазақтың басынан. Басына қара бұлт үйірілді. Қайғы мен қараға толы уақыт белестерін куә етіп, Жұбан ақын жырлағандай «Мың өліп, мың тірілді» қазақ. Уақыт өте дәл осы өлең жолдарын қайталай, тәубемізге келетін жайымыз бар. Тәуелсіздік туын желбіретіп, азаттығымызға да қол жеткіздік. Сол бір сұм аштық жылдардан бері сексен жылдан асып барады. Ұзақ жылдар бойы үнсіз жатқан тарихи құндылықтарды жарыққа шығарып жас ұрпаққа жеткізу, өткен тарихымызға баға берілуге.

жаппай саяси қуғын-сүргін себептерін анықтау комиссиясы мүшесі Қ.Алдажұмановтың айтуынша ашаршылық құрбандарының нақты саны турасында терең зерттеулер әлі де керек екенін айтады. Сол уақыттардағы ресми құжаттардан ашаршылықтан көз жұмғандар туралы мәліметтерді алу қиын. Жергілікті биліктің өзі мұндай деректердің өзгертіп беруіне мүдделі болған. Сонымен бірге, республиканың бірінші басшысы Казрайкомның хатшысы Ф.Голощекин де сұрқия саясатын жария еткісі келмегені анық.

АДАМ САНЫМЕН ЕЛДІ МЕКЕНДЕР ДЕ АЗАЯ БЕРДІ

Қазақ жеріндегі ашаршылықтың ащы дәмін татып, азапты көп көрген 51 аудандағы жағдай өте ауыр болды. Орталық Қазақстанда адамдар жаппай қырылып, карта бетінен жоғалып кеткен ауылдар да көп еді. Сол күндері ашшылық пен балық аулаудан азық табу да мүмкін емес болатын. Қуаңшылыққа байланысты ауылдарда астық болмады. Тіптен 1932 жылы көктемгі егістен қалған тұқымдық астықтың өзін Ф.И.Голощекиннің нұсқауымен соңғы дөңіне дейін қайтадан тасып алып кетті. Мұрағат құжаттарында бұл туралы және республикадағы бар астықты орталыққа жөнелту жөнінде деректер жеткілікті екен. Тікелей қатынастың болмауынан алыстағы аудандардан ашыққан халық ешқайда кете алмай, түгелдей қырыла бастады. Қырылмағаны ит, мысық, тышқан, құрт-құмырсқа секілді небір жәндіктің етін, түрлі шөптерді былай қойғанда адам етін жеген оқиғалар да кездеседі. Мысалы, Қырғыз елінің Бішкек қаласы мен Тоқмақ маңында (екеуі екі бөлек оқиға) аштықтан босып барған 4 қазақ әйелінің жиырма күн бойы жас балаларды ұрлап өкітіп, сойып жеген фактілер бар. Сол жердің милициясы қылмыскерлерді ұстап, акті жасаған. Бұл сынды деректер жиі қайталанып отырған. Ашығудың арты айықпас дерт пен қазаның көбеюіне әкеп соқтырды. Аштық қысқан халық қалалар, поселкелер мен станицалар, темір жол бойында телміріп ас іздеп жүрді. Олар жиналған жерлерде сүзек сияқты жұқпалы аурулар эпидемиясы жүрді. Елдегі ауыр жағдайды асқындырмауға әлсіз денсаулық сақтау жүйесінің де мұршасы жетпеді.

ТЕНТІРЕГЕН ЖҰРТ БАСЫН САУҒАЛАП ПАНА ІЗДЕДІ

Ашаршылық салдарынан сол жылдары 1030 мың адам республикадан тысқары жерлерге босқын болып кетті. Олардың қолы жеткендері халық шаруашылығының мекемелеріне жалданып, Мурманск, Сібір, Қиыр Шығыс, Камчаткаға дейін барды. Әрине, бәріне мұндай мүмкіншілік бола бермеді. Қырғызстанға босып барған 100 мыңдай адамның ішінен 1933 жылғы сәуірде тек 2500 адамды ғана жұмысшы ретінде орналасты. Тәжікстандағы Вахш ГЭС-нің құрылысына өз бетімен барғандарға жұмыс та, еңбекақы да, азық-

түлік те берілмеген. Қазақстаннан тысқары кеткен 1030 мың адамнан 414 мыңы кейіннен елге қайтып оралды. 616 мың адам сол жақта қалды. Олардың бір бөлігі Қытайға, Моңғолияға, Ауғанстанға, Иран мен Түркияға өтіп кетті. Қазақтардың көбісі іргелес республикаларға ауып кеткендігін халық санақтарының мәліметтері де дәлелдейді. Егер 1926 жылғы санақ бойынша басқа республикаларда 314 мың қазақ тұрған болса, 1939 жылы олардың саны 794 мыңға жетті.

ГОЛОЩЕКИННІҢ СҰРҚИЯ САЯСАТЫ

Қара жолдың бойында, далада, қала көшелерінде қазақтар қырылып жатты. Қазақ жеріндегі осы зардап сол тұста ел басқарған Ф.Голощекиннің есімімен тікелей байланысты. Қазақстанға келе сала ол ең алдымен Сталинге хат жазып, қазақтардың әлі күнге дейін малын бағып, өз еріктерінше көшіп-қонып жүргенін мәлімдейді. «Кіші қазан» революциясын жасауға рұқсат сұрайды. И.Сталин оған келісімін беріпті. Сөйтіп, халыққа оның жаппай ұжымдастыруы, көшпелі халықты бірден отырықшыландыру жөніндегі соқыр саясаты тым ауыр тиді. Нәтижесінде қазақтардың дәстүрлі мал шаруашылығы күйзелді, 40 миллиондай мал басы бірден күрт кеміп, 4 миллионға келді. 1931 жылы басталған ашаршылық төніп келе жатқанына қарамастан, елдің соңғы малын тартып алуға кірісті. Онсыз да 1930 жылы осыны бастан кешкен халық 1931 жылы қарсылыққа шықты. Ол кейбір жерлерде қанды қырғынға ұласты. Бұрынғы ОГПУ-НКВД мұрағатындағы Абыралы, Шұбартау, Шыңғыстау, Қарқаралы, Табын, Маңғыстау және басқа да көтерілістер болғаны туралы ақпар бар. Қолдан жасалған аштықтың салдарынан артық малы бар адамдар қуғынға ұшырайды. Ең алғашқылар болып қазақ елінің көшбасшылары атылып, айдалып кетті. Олардан кейін ауылдардағы молдалар, бақсы-балгерлер де жер аударылады. Ашаршылық басталысымен-ақ саясаттан хабары бар адамдар шетелге қашып, жан сақтайды.

Түйін. 11 миллионыншы қазақ дүниеге келіпті деп алақайлап бір-бірімізден сүйінші сұрап жатқан жайдамыз. Қазақстан халқы 17 миллионға жетіп, оның 65,2 пайызы, демек 11 миллион 58 мың қазақ екен. Зұлматты аштыққа ұрынбағанда, репрессияда қырылмағанда 40-50 миллионға да жетер едік. Алайда, бүгінде 30 миллион өзбектен аз екенбіз. Өйткені ұлы жұттың зардабын бәрінен көп таттық. Қазақ халқының басына туған ең үлкен қасіреті де осы аштық жалмаған жылдар еді. Бүгінгі азат елдің ұланы өткенге саналы түрде салауатын білдіріп, бүгінгі көркейген тәуелсіз елдің ұрпағы екеніне шүкірлік етсе игі.

Айдана АБДІХАЛИ

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ - АДАМДЫҚТЫҢ СИПАТЫ

СҰХБАТ

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институттың Тәрбие жұмысы және жастар саясаты жөніндегі басқарма бастығы Елнар Өтебаевпен ізгілік пен қайырымдылық төңірегіндегі әңгімемізді ұсынып отырмыз.

— ЖОО-ның атқарып жатқан қайырымдылық шаралары төңірегінде сөз өрбітсеңіз?

— Негізі біздің жоғары оқу орын қайырымдылық іс-шаралармен жүйелі түрде айналысады. Мәселен, жақында біз Мичурин ауылындағы балалар үйіне жолымыз түсті. Отбасы махаббатына бөленбеген бүлдіршіндерді мейірімге бөлеп, қуаныш сыйлағымыз келді. Әрине, анасының аялы алақаны мен әкесінің қорғаны бола алмаспыз. Дегенмен, қоғамның бір белді мүшелері ретінде оларды жан жылуымызбен жылытқымыз келген еді. Мұндай кездесулердің басты мақсаты студенттерімізді мейірімділік, қайырымдылық, ізгілік жасауға баулу болатын. Балалар үйіне өз қоржынымызды толтыра бардық. Оларға шаттық, мереке тарту етуді біз нысанамызға алған болатынбыз. Мақсат ақталды. Балапандар шын қуанып, шаттыққа бөленді. Шаттық күлкілер мен бақытты бала жүзін көру шын бақыт екенін бәріміз де сонда түсіндік. Басқа жандардың қамқорынан балалар да бақытқа бөленеді. Оларға мерекелік концерт, мерекелік дастархан ұйымдастырдық. Бұл сапарымыз бұрынғылардан өзгеше болды. Өйткені бұл жолы Мичурин ауылындағы ба-

лалар үйі мен Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты ортақ келісім-шартқа қол қойды. Біз балаларды өз қамқорлығымызға алдық. Ендігі біздің сапарлар өз үйімізге баратын жол секілді көптен күткен қуанышты болатынына сенімдімін. Әрбір студентке бір баладан қамқорлауын ұсындық. Олар өзінен кіші бауырлары мен қарындастарына шын қамқор болады деген сенімдемін. Бұл қамқорлықтар шынайы достыққа ұласып жатса біз оған тек қуанамыз. Бір-бірімен хат алысып, білгенін үйретіп, өмірде де ақылшы болып, бір-біріне тірек болып жатса құба-құп. Мысалы, бізде дефектология, психология, әлеуметтік психология мамандықтары бойынша білім алып жүрген студенттерге бұл қатынастар да кәсіби тәжірибе болары сөзсіз. Сонымен қатар, балалар үйінің ұстаздары мен тәрбиешілеріне де мейілінше әдістемелік көмек көрсетеміз.

— Студенттерді қайырымдылық жасауға не итермелейді?

— Бізде «Қамқорлық» сынды студенттерден құрылған волонтерлік топ және «Студенттер балаларға оқиды» акциясы жұмыс жасайды. Ол топқа студенттер өз қалауымен мүше бола алады. Біз оларды мәжбүрлей алмаймыз. Алайда, қайырымдылықпен айналысқысы келмейтін жастар болады ішінара. Ол деген жүрегі мейірім мен қайырымға жақын жастардың жоғын білдірмейді. «Қайырымдылық» тобы өте көп игі істердің басын қайырды. Мәселен, олардың қамқорлығында біраз қариялар бар. Сол қарттарымыздың үй шаруасына, қолынан

келмей жатқан тіршілігіне қолғабыс етіп жатады. Жеңіс күніне орай Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен тыл ардагерлерін құттықтап қана қоймай, қолдарын ұзартып қайтты. «Студенттер балаларға оқиды» акциясы бойынша балаларға әдебиеттер сыйлап, жақсы бір шығарманы талқылап, бірге оқиды. Мұндай игі шаралардың басы қасында жүретін жүрегі нәзік, жаны жайсаң, қайырымы мол жандар ғана жүреді деп түсінемін. Және осы сынды істерде мәжбүрлік болмайтыны да түсінікті. Ал, біздің басқарманың міндеті студенттерді қайырымдылық шараларына жұмылдыру, мейірімділіктің көзін ашу ғана.

— Бүгінде біздің қоғамда «волонтерлік» деген үрдіс белең алуда. Волонтерлікпен айналысудың өзі жастарға абайрой болды. Бұған сіздің көзқарасыңыз қандай?

— Өлбетте, көзқарасым түзу. Жастардың сенделіп, жаман тірлікке әуес болғанынан жан-жағындағыларға жақсылық жасағанын мақұл көремін. Қайырымдылық жасау бізде бұрыннан болған үрдіс. Тек атауы өзгермегені болмаса. Олардың қызметіне әлемдегі қоғамдардың барлығы да мұқтаж. Қайырымдылық топтары әлемнің әр түкпірінде қызмет етуде. Ал біздің жастар өз еліне, жақынына көмектессе несі айып. Оларды қолдағаннан артық не керек

— Оқырман жастарға тастар ойыңыз, шақыртуларыңыз бар ма?

— Жастардың қалаға, жоғары оқу орнына келген басты себебі оқу ғой. Біріншіден, студент білім алуға көп уақыт жұмсағаны дұрыс. Екіншіден, бос уақыты көп болғандықтан пайдалы іспен яғни,



қоғамға, жанындағы адамға, оқу орда-сына досына қамқорлық танытқаны абзал. Үшіншіден, өзін-өзі тәрбиелеуге, мәдениетін жан-жақты дамытуына көңіл бөлсе. Демек, еңбек етуі тиіс. Төртіншіден, жастар спортпен дос болуы керек. Спорт тек тән саулығы ғана емес, жанның саулығына да жол ашатыны рас. Одан кейін жастар өнерге жақын, мәдениеті жан-жақты жоғары болуы шарт. Бүгінгі жастар ертеңгі ел ағасы, мемлекеттік қызметкер, білікті маман, жай бір қоғамның белді мүшесі екені бәрімізге аян. Оларға қарап кейінгі ұрпақ өсіп келе жатқанын еш ұмытпаса игі.

— Тәлімі мол әңгімеңіз жастардың жүрегіне жол тартар деген сенімдемін. Әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен Жанар ЕЛЕШОВА

2013 жылдық сән маусымында қандай сырғалар сәнде? Жаңа топтаманың басты сән үлгісі классикалық және жаңа үлгідегі сырғалар ма?

Жоғарғы бағалы материалдардан жасалған классикалық шеге-сырғалар биылғы жылдың ең танымалы әрі сәннің алғашқы қатарынан бойтүзеген. Өйткені оларды мектеп колледж оқу жұмыс орындарында спортпен шұғылдану кезінде тағып жүру ыңғайлы әрі әдемі. Сондықтан өткен жылдағыдай бұл сырғалар осы жылы да сәнді болып қала береді. Сонымен қатар көлемі мен түрі әрқилы болуы мүмкін.

Үлкен-кіші, күміс, құрыш, алтын түрлері ылғи үлкен сұраныста. Олар киімнің қай түріне болса да жарасады.

САЛПЫНШАҚ СЫРҒА

Салпыншақ сырға романтикалық тұлғаларға лайықты. Ол өте нәзік және үлкен көлемді шаш үлгілеріне жарасымды келеді. 2013 жылы сәнде – нәзіктік. Сондықтан әр түрлі материалдан жасалған салпыншақ, тасты сырғалар сұраныста болмақшы.

ТАСТАР ТҮСІ

Кристалдар мен тастар түсі 2013 жылы, жылы түстен салқын түріне дейін, ашық түстен қанық түске дейін болып келеді. Ашық түстер, мысалы, қызыл, құлпынай, көктем, жаз түстерін береді. Нәзік жылы түстер үнемі сұлулықты,



ҚҰРАҚ КӨРПЕ

Қазақ дүниетанымында әрбір өмірлік мағыналық атауларды теңеу заңды құбылыс саналған. Сол теңеулердің кейбірін ұсынамыз:

- * Ең тәтті нәрсе – жан.
- * Ең ащы нәрсе – тіл.
- * Ең қатты нәрсе – дін.
- * Ең күшті нәрсе – ұят.
- * Ең жүйрік нәрсе – көңіл.
- * Ең жаман нәрсе – нәпсі.
- * Ең ыстық нәрсе – бала.
- * Ең суық нәрсе – мүрде.
- * Ең қысқа нәрсе – ғұмыр.
- * Ең опасыз нәрсе – дүние.
- * Ең жақын нәрсе – ажал.
- * Ең ұшқыр нәрсе – қиял.
- * Ең нәзік нәрсе – сезім.
- * Ең аздырғыш нәрсе – құлақ.
- * Ең зор байлық – денсаулық.
- * Ең зор кедейлік – надандық.
- * Ең биік нәрсе – арман.
- * Ең аласа нәрсе – мешеулік.
- * Ең тұрақсыз нәрсе – бақ.
- * Ең былапыт нәрсе – ауыз.
- * Ең тұнық нәрсе – махабат.
- * Ең арзан нәрсе – сөз.
- * Ең адал нәрсе – уақыт.
- * Ең құбыжық нәрсе – өмір.
- * Ең қараңғы нәрсе – көкірегі соқырлық.
- * Ең қызық нәрсе – білім.
- * Ең жаралағыш нәрсе – қасірет.
- * Ең семірткіш нәрсе – жақсы сөз.
- * Ең жақын дос – жан жар.
- * Ең пасық нәрсе – жалқаулық.

Сыңыр қалқан сырғалар

БІР ҚҰЛАҚТА БІРНЕШЕ СЫРҒАЛАР

Бір құлақтағы бірнеше сырғалар қазіргі кезде таңқаларлық жайт емес, керісінше сәнді екенін білеміз. Ең танымал тәсіл – бұл бір құлаққа әр түрлі көлемді сырғаларды тағу. Құлақтың ең төменгі бөлігінен үлкен көлемді болып басталып, жоғарғы бөлігінен кіші көлемді болып аяқталады. Жай ғана құлақтың сырғалығында емес шеміршек бөлігінде де сырға тағу жиі кездеседі.

ЖАРТЫЛАЙ ДӨНГЕЛЕК СЫРҒАЛАР

Дөңгелек формалы сырғалар үнемі сәнде.



қара мен ақтың қосылуы салқындықтың қанық түсін білдіреді. Қолайлы материалдар оникс пен гематит болып келеді.

СӘННЕН ҚАЛҒАН СЫРҒАЛАР

Дөңгелек-сырғалар үнемі сәнді болды. Өте үлкен дөңгелек түрлері сәннен қалған. Көптеген атақты модельшілер және стилисттер иыққа жететін үлкен дөңгелек-сырғалардың көзін тұрпайы көрінетінін атап өтті. Әйнек, ағаш, керамика мен әшекейленген сырғалар 2013 жылы сәнде тым аз уақыт болатын көрінеді. Үлкен сырғалар мен ер адамның бір құлағына жалғыз сырға тағу да сәннен қалып барады. Керісінше, ерлер енді екі құлағына да сырға тағу сәнге айналды.

СЫРҒАЛАР ҚОЖАЙЫНЫ ТУРАСЫНДА СЫР ШЕРТЕДІ

Жаратылысы ерекше нәзік жандылардың әшекей бұйымдарына деген қызығушылығы бағзы замандардан бері жалғасып келе жатыр. Бастапқы кездерде сырға деген ұғыммен бірге түрлі тылсым күштер, дуалар ілесіп жүретін болса, бүгінде олар әйелдер қауымының сұлулығына сұлулық қосып, әрлендіретін әшекейдің рөлін атқарып жүр. Алайда, сырғаның атқаратын қызметі мұнымен

бітпейді. Олар өздерінің қожайындары туралы да көп нәрсе айта алады екен.

Мәселен, үшбұрышты пішінді сырғаларды тағатын қыздарымыздың мінезі дауыл секілді болып келеді. Өткір бұрышты сырғалар айналасын басып-жаныштап алуды көздейтін бикештердің құлағына ілінеді. Эллипс тәрізді сырға иегерлерінің мінезі жайлы әрі эмоциональды болып келеді. Олар өте жеңілтек әрі араласуға, әңгіме-дүкен құруға өте қызықты жандар. Ал төртбұрышты сырғаларды жиі тағатын танысыңыз болса, достасуға асығыңыз. Өйткені, олар өз-өзіне аса сенімді, мақсатқа тез жеткіш, жауапкершілігі мол жандардың қатарында екен. Мұндай бойжеткендер сөзіне берік, табанды серілерді таңдайды. Дөңгелек сырғалардың қожайындары ұстамдылығымен, биязылығымен ерекшеленеді. Ал белгілі бір мүсіндер бейнеленген түрлі пішіндегі сырғаларды көп жинайтын арулардың шығармашылыққа жақын, талғампаз, жаны сұлу болып келетіндігін естен шығармаңыз.

Ал сізге қандай сырғалар ұнайды?

Дайындаған Жанар ЕРКЕБҰЛАН,
Рахилла РАХИМЖАНОВА

Кітап - білім бұлағы

ОҚЫРМАН ОЙЫ



Кітап – өте құнды дүние. Кітапты жан дүниенмен беріліп оқысаң тура бір әлемнің ең дана адамдарымен тілдескендей боласың. Кітап оқыған адам, кітапты дос қылып

қана емес, оны тура бір өмірлік серік қылып

алатын жандар өзінің ойлаған мақсат-мұратына жеңіл жетеді. Өйткені, кітап ақын-жазушылардың сөз маржанын терген құнды дүниелерге толы болады. Осы жерде қазіргі жастар кітап оқи ма деген заңды сұрақ туындайды.

Қазіргі уақытта кітап бетін ашатын жастарымыз өте аз. Тіпті, қазақтың ақын-жазушыларының шығармаларымен де таныс емес замандастарымыз көп. Осы уақытта екіншіше орай кітап оқитын жастар саны азайып келеді. Оны біз қарапайым кітапханалардан да аңғара аламыз. Себебі, келушілер саны аз. Бірақ, қазіргі жастар көбіне интернет жүйесімен қолданғанды анағұрлым пайдалы көреді. Себебі, көз майын тамызып кітап оқып уақытын алғаннан гөрі, бір сәтте интернеттен сол ақпаратты тауып алған тиімді деп есептейді. Интернетпен қолданудың да пайдасы көп, себебі кітаптан таба алмаған ақпаратты сен жеңіл жолмен интернеттен таба аласың.

Бірақ достар интернетке үңілмей кітапты да шет қалдырмайық. Себебі, білімнің қайнар бұлағы ол кітап емес пе. Психологтардың айтуы бойынша адам баласы күніне бір сағат кітап оқуы тиіс екен. Сондықтан алтындай уақыттарыңызды зая кетірмей, кітапқа бір сәт уақыт бөлгендеріңіз дұрыс. Кітап – замандар толқынында тербетіліп, бойындағы қымбат қазынасын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп келе жатқан ой кемесі. Кітап – бір ұрпақтың екінші ұрпаққа қалдырар рухани өсиеті, көзі жұмылып бара жатқан қарттың балғын жасқа айтар ақыл кеңесіндей. Кітап – ортақ мүлік, халық қазынасы, сарқылмас білім бұлағы.

Мөлдір САҒИДОЛЛА

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ОҚИСЫЗ БА?

Ақерке Имахан,
ПМУ студенті

Маған романтикалық, фантастикалық кітаптар ұнайды. Әсіресе, Әзілхан Нұршайықовтың «Махабат қызық мол жылдар» атты кітабын қызыға оқыдым. М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы тұнып тұрған қазына. Қазіргі жастар кітапқа үңіліп қарап отырғандарынан гөрі интернеттің бетін ашып қарасақ барлық керек мәліметтер кездеседі. Әдеби кітаптарды оқыған кезде адамның, жалпы жастардың ғана емес, үлкен мамандардың да тіл байлығын малайтады. Мен кітап оқығанды жақсы көремін. Кітап шынымен әр адамның досына айналса екен деген тілек бар менде.

Мөлдір Сағидолла,
ПМУ студенті

Мен көбінесе қазақтың ақын – жазушыларының туындыларын оқимын. Айта кетсем қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаевтың қара сөздерімен өлеңдерін оқығанды жаным ұнатады. Кешегі Шәкәрім, Мұқағалилардың жырларымен сусындап өстім. Кітап – зор құндылық, таусылмас байлық. Сол себепті қатарластарымды кітап оқуға шақырамын.

Гүлбақыт Абдрахманова,
С. Сейфуллин атындағы университеттің студенті.

Көркем әдебиетті оқу – жанына үлкен азық алғаның деп есептеймін. Себебі, әдебиеттің орны әркез бөлек. Оның орнын

ешқандай интернет желілері баса алмайтыны сөзсіз. Өзім М. Әуезовтің шығармаларын сүйіп оқимын. Ғ. Мүсірепов, Ш. Мұртаза, О. Бөкейлердің есімдері әдебиетіміз де орыны бөлек деп есептеймін. Сол себепті ана тілімізде жазылған туындыларды оқып, оны басқа жандарға жеткізу парыз.

Айкөз Шаймерденова,
Шучинск гуманитарлық колледжінің студенті.

Менің соңғы оқыған кітабым С. Шаймерденовтің қаламынан өрбіген «Инеш» атты романы. Бұл кітап көңілімнен шығып, көп тәлім-тәрбие берді. Менің айтпағым ең бастысы саны емес, сапалы әрі танымды, мазмұны терең кітаптар оқуымыз керек.

Сауалнаманы жүргізген Назгүл РАБИЛОВА

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
С.Торайғыров
атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Редактор:
Жанар Елешова

Дизайнер: Н. Яницкая

Тілшілер: Ұ. Төлеу, Н. Рабилова, Қ. Шаймарданова.

Ақылдастар алқасы:
Қ.Алдабергенов, Ж. Бижан, А.Тойшыбайұлы, Г. Кенжебалина.

Редакция мекен-жайы:
Павлодар қ., Ломов көшесі, 64, каб.427-А, тел.673648

• ГАЗЕТ Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке алынып (04.12.2008), ол туралы №9722-Г куәлігі берілген.
• ГАЗЕТ бетіндегі автордың мақалалары, хаттары редакцияның көзқарасын білдірмейді

• ГАЗЕТ Павлодар облыстық «Баспасөз үйі» ЖШС баспаханасында басылды. Павлодар қ., Ленин к., 143 үй, тел. 61-80-26
• ГАЗЕТ айына бір рет шығады, таралымы 500 дана. Тапсырыс № 3792